

**«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы
халықаралық орталығы» арнайы
экономикалық аймағының басқарушы
компаниясы» акционерлік қоғамы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қаржы министрінің 01.07.2019 жылғы № 665 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бірге (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген форматқа сәйкес Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау мақсатында 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған жылдық қаржылық есептіліктің нысандары

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ

МАЗМҰНЫ

2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ РАСТАУЫ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Беті:

Шоғырландырылған қаржылық есептілік:

Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс-----	1-3
Пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп-----	4-5
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп-----	6-8
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп-----	9-16
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер-----	17-37

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ

2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ РАСТАУЫ

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамының және оның еншілес компанияларының (бірге «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлар мен басшылықтың жауапкершілігін ажырату мақсатында ұсынылған Тәуелсіз аудиторлардың қорытындысында қамтылған аудиторлардың міндеттерін сипаттаумен бірге қаралуға тиіс төмендегідей мәлімдеме жасалды.

Топтың басшылығы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған кезең ішіндегі оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысы мен капиталдағы өзгерістерді барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсететін осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - ҚР Қаржы министрінің 01.07.2019 жылғы № 665 бұйрығымен енгізілген өзгерістері ескерілген (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептілік форматына сәйкес дайындау үшін жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде Топтың басшылығы:

- есепке алу саясатының қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз ету;
- осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың белгілі бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсер ететін әсерді түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу;
- Топтың жақын болашақта қызметін жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін жауап береді.

Басшылық сондай-ақ:

- Топтың ішкі бақылауының тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу, сондай-ақ кез келген күні Топтың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдікте ақпарат беру және ХҚЕС талаптарына шоғырландырылған қаржылық есептіліктің сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС-на сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қабылдау;
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін жауап береді.

Топтың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі **2021 жылғы 18 маусымда шығаруға бекітілді.**

Басқарма төрағасы міндетін атқарушы

Бас бухгалтер

МО

Қорғас ауылы, Пенжім ауылдық округі, Панфилов ауданы,
Алматы облысы, Қазақстан Республикасы.



Е. Д. Жайлаубай



Е. П. Сабыр



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ
Акционеріне және басшылығына**

Пікір

Біз қоса берілген «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» «арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес компанияларының (бірге «Топ») 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, 2020 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін пайда немесе залап және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есеп саясатының елеулі аспектілеріне шолудан және шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне (бұдан әрі – «шоғырландырылған қаржылық есептілік») аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы, сондай-ақ осы есептілікті жасау күніне аяқталған жыл ішіндегі оның қызметінің қаржылық нәтижелері, ақша қаражатының қозғалысы және капиталдағы өзгерістер туралы шынайы және объективті ақпаратты Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес барлық елеулі аспектілерде ұсынады.

Пікір білдіруге негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Топқа қатысты Бухгалтерлерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне* (БХЭСК Кодексі) сәйкес тәуелсіз боламыз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

Басқа мәліметтер

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ 31.12.2019 жылы аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін «Аудит Стандарт» ЖШС жыл ішінде ескертусіз жүргізді.

Басқаруға, шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға жауапты басшылықтың жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-өрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

Аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан айтарлықтай бұрмалаушылық болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда ақылға қонымды сенім алу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің олар болған кезде әрдайым елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде жорамалдауға болатын болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан шоғырландырылған қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың және басшылық дайындығын ақпаратты тиісті ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар олардың бұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей болып ұсынылуын бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырып, олардың назарына басқалармен қатар аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты хабарлаймыз.

Бадамбаева

Сауле Бадамбаева
Аудитор/Аудит жөніндегі серіктес
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК» ЖШС

Аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ-0000720,
10.01.2019 ж.

Шолпанай
Шолпанай Құдайбергенова
Бас директор
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК» ЖШС

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
№18013076 мемлекеттік лицензиясын
Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит
комитеті 2018 жылғы «03» шілдеде берген.

2021 жылғы 18 маусым

A15E2X0, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 202



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 665 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына 2-қосымша

Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс есепті кезең 2020 жыл

Индексі: № 1 - Б (баланс)

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатындар: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар


Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Тапсыру мерзімі: жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей.

Ұйымның атауы: «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.


мың теңгемен

АКТИВТЕР	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
I. Қысқа мерзімді активтер			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	10	84 464	568 577
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері	11	-	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері	12	-	-
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері	13	-	-
Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары	14	-	-
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	15	-	-
Қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек	16	40 054	49 130
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	17	9 191	39 489
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер	18	-	-
Ағымдағы табыс салығы	19	9	9
Қорлар	20	71 336	79 386
Биологиялық активтер	21	-	-
Өзге де қысқа мерзімді активтер	22	15 642	32 678
Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010-нан 022-ге дейінгі жолдардың сомасы)	100	220 696	769 269
Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар)	101		
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері	110	-	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржы активтері	111	-	-
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері	112	264 489	277 376
Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары	113	-	-
Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар	114	23	23
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар	115		
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	116		
Ұзақ мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек	117	77 261	652 310
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	118	83 307	79 525



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

Сатып алушылармен шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер	119	-	-
Инвестициялық мүлік	120	21 156	21 776
Негізгі құралдар	121	15 122 372	16 518 564
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	122		
Биологиялық активтер	123		
Барлау және бағалау активтері	124		
Материалдық емес активтер	125	4 020	18 535
Кейінге қалдырылған салық активтері	126		
Өзге ұзақ мерзімді активтер	127	9 750 728	9 842 076
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110-нан 127-ге дейінгі жолдардың сомасы)	200	25 323 356	27 410 185
Баланс (100-жол + 101-жол + 200-жол)		25 544 052	28 179 454
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	210	-	-
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	211	-	-
Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары	212	-	-
Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	213	-	-
Қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешек	214	196 662	80 993
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	215	23 984	268 092
Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері	216		
Жұмыскерлерге сыйақылар	217	441	404
Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек	218	250	228
Сатып алушылардың шарттары бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	219		
Мемлекеттік субсидиялар	220		
Төленетін дивидендтер	221		
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	222	238 915	39 888
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны (210-нан 222-ге дейінгі жолдардың сомасы)	300	460 252	389 605
Сатуға арналған шығатын топтардың міндеттемелері	301	-	-
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	310	-	-
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	311	-	-
Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары	312	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	313	-	-
Ұзақ мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешек	314	-	-
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	315	-	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	316	275 990	12 888
Жұмыскерлерге сыйақылар	317	-	-
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек	318	-	-
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	319	-	-
Мемлекеттік субсидиялар	320		
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	321		
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны (310-нан 321-ге дейінгі жолдардың сомасы)	400	275 990	12 888



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

V. Капитал			
Жарғылық (акционерлік) капитал	410	46 396 874	45 848 494
Эмиссиялық табыс	411	-	-
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	412	-	-
Резервтер	413	-	-
Белінбеген пайда (жабылмаған залал)	414	(21 589 064)	(18 071 533)
Өзге капитал	415		-
Меншік иелеріне жатқызылатын капитал жиыны (410-нан 415-ке дейінгі жолдардың сомасы)	420	24 807 810	27 776 961
Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	421		
Барлық капитал (420-жол +/- 421-жол)	500	24 807 810	27 776 961
Баланс (300-жол + 301-жол + 400-жол + 500-жол)		25 544 052	28 179 454



Басқарма төрағасы міндетін атқарушы

Бас бухгалтер

МО

Ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Е.Д. Жайлаубай

Е. Р. Сабыр



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 665 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына 3-қосымша

Пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп есепті кезең 2020 жыл

Индексі: № 2 - ОПУ

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатындар: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне


Тапсыру мерзімі: жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей.

Ұйымның атауы: «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін.

мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге
Түсім	010	294 582	3 536 155
Өткізілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны	011	(2 618 428)	(4 634 846)
Жалпы пайда (010-жол – 011-жол)	012	(2 323 846)	(1 098 691)
Өткізу бойынша шығыстар	013		
Әкімшілік шығыстар	014	(440 518)	(694 300)
Операциялық пайда (залал) жиыны (+/- 012-ден 014-ке дейінгі жолдар)	020	(2 764 364)	(1 792 991)
Қаржылық кірістер	021	8 086	121
Қаржылық шығыстар	022		
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдардың және бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі	023		
Өзге де кірістер	024	284 817	134 895
Өзге де шығыстар	025	(840 568)	(477 606)
Салық салуға дейінгі пайда (залал) (+/- 020-дан 025-ке дейінгі жолдар)	100	(3 312 029)	(2 135 581)
Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер (+))	101	(263 102)	411
Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (залал) (100-жол + 101-жол)	200	(3 575 131)	(2 135 170)
Салық салудан кейін тоқтатылған қызметтен түскен пайда (залал)	201		
Мыналарға қатысты жыл ішіндегі пайда (200-жол + 201-жол):	300	(3 575 131)	(2 135 170)
негізгі ұйымның меншік иелері			
бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі			
Өзге жиынтық кіріс, барлығы (420 және 440-жолдар сомасы):	400	57 600	-
оның ішінде:			
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау	410		
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдардың және бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірісіндегі (залалындағы) үлес	411		
кейінге қалдырылған салыққа табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгеріс әсері	412		



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

ақша ағынын хеджерлеу	413		
шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	414		
шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	415		
өзге де жиынтық кірістің өзге де құрауыштары	416		
пайданың (залалдың) құрамында қайта жіктеу кезінде түзету	417		
өзге де жиынтық кіріс құрауыштарының салықтық әсері	418		
Кейінгі кезеңдердегі кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық кіріс жиыны (пайда салығын шегергенде) (410-нан 418-ге дейінгі жолдардың сомасы)	420		
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау	431	57 600	-
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдардың және бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірісіндегі (залалындағы) үлес	432		
зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	433		
өзге де жиынтық кіріс құрауыштарының салықтық әсері	434		
өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау	435		
Кейінгі кезеңдердегі кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс жиыны (пайда салығын шегергенде) (431-ден 435-ке дейінгі жолдар сомасы)	440		
Жалпы жиынтық кіріс (300-жол + 400-жол)	500	(3 517 531)	(2 135 170)
Мыналарға жатқызылатын жалпы жиынтық кіріс:			
негізгі ұйымның меншік иелері		(3 517 531)	(2 135 170)
бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі			



Басқарма төрағасы міндетін атқарушы

Бас бухгалтер

МО

Ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



Е. Д. Жайлаубай



Е. Р. Сабыр



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 665 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына 4-қосымша

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (тікелей әдіс) есепті кезең 2020 жыл

Индексі: № 3 - ДДС-П

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатындар: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Тапсыру мерзімі: жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей.

Ұйымның атауы: «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін.

мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезең үшін	Алдыңғы кезең үшін
I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ			
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (011-ден 016-ға дейінгі жолдардың сомасы)	010	475 545	3 610 942
оның ішінде:			
тауарлар мен қызметтерді өткізу	011	267 494	1 746 479
өзге де түсім	012		404
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	013	104 310	
сақтандыру шарттары бойынша түсімдер	014		5 816
алынған сыйақы	015		
өзге де түсімдер	016	103 741	1 858 243
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы (021-ден 027-ге дейінгі жолдардың сомасы)	020	1 216 853	3 282 006
оның ішінде:			
жеткізушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төленетін төлемдер	021	526 349	1 710 740
тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге берілген аванстар	022	21 662	16 005
еңбекке ақы төлеу бойынша төлемдер	023	458 171	659 492
сыйақы төлеу	024		
сақтандыру шарттары бойынша төлемдер	025	175	32 564
табыс салығы және бюджетке төленетін басқа да төлемдер	026	136 378	212 600
өзге де төлемдер	027	74 118	650 605
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010-жол - 020-жол)	030	(741 308)	328 936



II. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ			
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (041-ден 051-ге дейінгі жолдардың сомасы)	040	258 868	119 145
оның ішінде:			
негізгі құралдарды өткізу	041	250 933	119 145
материалдық емес активтерді өткізу	042		
өзге де ұзақ мерзімді активтерді өткізу	043		
басқа ұйымдардың үлестік құралдарын (еншілес ұйымдардан басқа) және бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерін өткізу	044		
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын өткізу	045		
еншілес ұйымдарға бақылауды жоғалтқан кезде өтеу	046		
ақша салымдарын алып қою	047		
өзге де қаржы активтерін өткізу	048		
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	049		
алынған дивидендтер	050		
алынған сыйақы	051	7 935	-
өзге де түсімдер	052		
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы (061-ден 073-ке дейінгі жолдардың сомасы)	060	1 542	82 828
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сатып алу	061	1 542	30 847
материалдық емес активтерді сатып алу	062		2 271
өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	063	-	49 687
басқа ұйымдардың үлестік құралдарын (еншілес ұйымдардан басқа) және бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерін сатып алу	064		
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сатып алу	065		
еншілес ұйымдарды бақылауды сатып алу	066		
ақша салымын орналастыру	067		
сыйақы төлеу	068		
өзге де қаржы активтерін сатып алу	069		
қарыз беру	070	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	071		
қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар	072		
өзге де төлемдер	073	-	23
3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (040-жол - 060-жол)	080	257 326	36 317



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

III. ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ			
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (091-ден 094-ке дейінгі жолдардың сомасы)	090	-	-
оның ішінде:			
акциялар мен өзге де қаржы құралдарының эмиссиясы	091		
қарыз алу	092		
алынған сыйақы	093		
өзге де түсімдер	094		
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы (101-ден 105-ке дейінгі жолдардың сомасы)	100	-	-
оның ішінде:			
қарызды өтеу	101		
сыйақы төлеу	102		
дивидендтер төлеу	103		
меншік иелеріне ұйымның акциялары бойынша төлемдер	104		
өзге де істен шығулар	105		2 000
3. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (090-жол - 100-жол)	110	-	(2 000)
4. Валюталардың теңгеге айырбастау бағамдарының әсері	120	-	-
5. Ақша қаражатының және олардың баламаларының баланстық құнының өзгеруінің әсері	130	(130)	-
6. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (030-жол +/- 080-жол +/- 110-жол +/- 120-жол +/- 130-жол)	140	(484 112)	363 253
7. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	150	568 576	205 323
8. Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	160	84 464	568 576



Басқарма төрағасы міндетін атқарушы

Бас бухгалтер

МО

Е. Д. Жайлаубай

Е. Р. Сабыр

Ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 665 бұйрығына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына 6-қосымша

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп есепті кезең 2020 жыл

Индексі: № - 5-ИК

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынатындар: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Тапсыру мерзімі: жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей.

Ұйымның атауы: «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін.

Мың теңгемен

Құрамдастардың атауы	Жол коды	Меншік иелеріне тиесілі капитал						Бақыланб айтын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық табыс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Өзге жиынтық кірістің құрауыштары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
Өткен жылдың 1 қаңтарындағы сальдо	010	45 848 494					(15 932 219)		29 916 275
Есеп саясатындағы өзгеріс	011					(4 144)			(4 144)
Қайта есептелген сальдо (010-жол +/- 011-жол)	100	45 848 494	0		0	(15 936 363)			
Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (210-жол + 220-жол):	200	-				(2 135 170)			(2 135 170)




«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

	210								(2 135 170)	(2 135 170)
Жыл ішіндегі пайда (залал)										
Өзге де жиынтық кіріс, барлығы (221-ден 229-ға дейінгі жолдардың сомасы):	220									
оның ішінде:										
өзге жиынтық кіріс арқылы өдіп құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	221									
өзге жиынтық кіріс арқылы өдіп құн бойынша бағаланатын үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	222									
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	223									




«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

Есепті жылдың 1 қаңтарындағы сальдо (100-жол + 200-жол + 300-жол)	400	45 848 494	0	0	0	(18 071 533)	27 776 961
Есеп саясатындағы өзгеріс	401						-
Қайта есептелген сальдо (400-жол +/401-жол)	500	45 848 494	0			(18 071 533)	27 776 961
Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (610-жол + 620-жол):	600					(3 517 531)	(3 517 531)
Жыл ішіндегі пайда (залал)	610					(3 575 131)	(3 575 131)
Өзге жиынтық кіріс, барлығы (621-ден 629-ға дейінгі жолдардың сомасы):	620					57 600	57 600
оның ішінде:							
өзге жиынтық кіріс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	621						
өзге жиынтық кіріс арқылы өділ құн бойынша бағаланатын үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	622						



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	623								57 600	57 600
үлестік қатысу өдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдардың және бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірісіндегі (залалындағы) үлес зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	624									
кейінге қалдырылған салыққа табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгеріс әсері	625									
ақша ағынын хеджирлеу (салық тиімділігін алып тастағанда)	626									
шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	627									
шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	628									
Меншік иелерімен операциялар барлығы	700									



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

Меншік иелерімен өзге де операциялар	717						
Бақылаудың жоғалуына әкеп соқпайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіндегі өзгерістер	718						
Өзге операциялар	719						
31.12.2010 сальдо (500-жол + 600-жол + 700-жол	800	46 396 874	(21 589 064)			24 807 810	

Басқарма төрағасы міндетін атқарушы

Бас бухгалтер



Е.Д. Жайлаубай

Е. Р. Сабыр

Ескертулер осы шотындағы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ**

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасында тіркелген «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «бас компания») заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы № 48-1907-19-АҚ куәлігі 2009 жылғы 14 қазанда берілген. Бас компания және оның еншілес компаниялары бірге Топ деп аталады (бұдан әрі «Топ»).

Бас компанияның орналасқан жері: Қазақстан, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Пенжім ауылдық округі, Қорғас ауылы, 14-ғимарат, пошта индексі 041318.

Бас компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 тамыздағы № 878 Қаулысы негізінде құрылған.

Түпкілікті бақылаушы тарап

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару күніндегі жағдай бойынша Топтың түпкілікті бақылаушы тарапы мемлекет болып табылады, Топтың жалғыз акционері «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ болып табылады.

Жарғылық капитал

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жарғылық капиталы 46 396 874 мың теңге сомасында толық қалыптастырылды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 45 848 494 мың теңге).

Топ қызметінің негізгі түрлері:

- «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының (бұдан әрі - Орталық) қазақстандық бөлігінің инфрақұрылымын құру, дамыту және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Орталықты дамытудың ағымдағы, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Орталықтың қазақстандық бөлігінің аумағында 2005 жылғы 4 шілдедегі «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының және Қытай Халық Республикасының Үкіметтері арасындағы келісімде айтылған қызмет түрлерін жүзеге асыруға әлеуетті инвесторларды тарту;
- Ғимараттарды, құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды салу, күрделі жөндеу, реконструкциялау;
- Меншікті жылжымайтын мүлікті басқару, жалға және қосалқы жалға беру;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлері болып табылады.

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасы мен Бас бухгалтер 2021 жылғы 18 маусымда бекіткен және Топтың «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығындағы кеңсесінде қолжетімді.

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

ХҚЕС сәйкестігі туралы мәлімдеме

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакциядағы Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке Ескертпелерде ашылған операцияларды қоспағанда, бастапқы күн негізінде дайындалды. Арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер мыңға дейін дөңгелектелген.



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ**

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Үздіксіз қызмет қағидаты

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде жиынтық залал 3 517 531 мың теңгені құрады (2019 жыл: жиынтық залал - 2 135 170 мың теңге). Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза сомасы теріс және 741 308 мың теңгені құрады (2019 жылы операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза сомасы оң: 328 936 мың теңге). 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 239 556 мың теңгеге артық (2019 жылғы 31 желтоқсанда Топтың ағымдағы активтері оның ағымдағы міндеттемелерінен 379 664 мың теңгеге асып түсті).

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік COVID-19 пандемиясының ықпалы барынша азайтылады, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы жөніндегі халықаралық орталық жөніндегі келісімдерді одан әрі орындау жалғастырылатын болады, Топтың шекара маңы ынтымақтастығы бойынша қызметі жандандырылады және табысты болады және Топ қызмет көрсете алады және әдеттегі қызметі барысында міндеттемелерін өтей алады деп болжайтын Топ қызметінің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындалды.

Шетел валютасын қайта есептеу

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылған.


Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция күніне қолданыстағы айырбас бағамы бойынша функционалдық валютада есепке алынады. Шетел валюталарында көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелері есепті күнге қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Барлық айырмашылықтар жиынтық залал туралы есепте көрсетіледі. Тарихи құны бойынша бағаланатын баптарда ескерілетін ақшалай емес активтер мен міндеттемелер бастапқы операция күнінде қолданылатын айырбас бағамы бойынша ескеріледі. Қазақстан Қор Биржасы (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгілейтін орташа өлшемді айырбас бағамдары Қазақстан Республикасында ресми валюта бағамдары ретінде пайдаланылады. 2020 жылғы 31 желтоқсанда ҚҚБ валюталық айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 420,91 теңгені құрады.

Топ туралы ақпарат:

Еншілес компаниялар

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі мынадай компанияларды қамтиды

Ұйымның атауы	Негізгі қызметі	Қатысу үлесі,%	
		2020 ж.	2019 ж.
«Қорғас-Сервис» ЖШС	Коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығы саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті және «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының инфрақұрылымын қамтамасыз етудің басқа да жүйелерін жүзеге асыру	100	100
«Қорғас-Энерго» ЖШС	Электр және жылу энергиясын беру және бөлу	100	100
«Қорғас-Коммерц» ЖШС	Теміржол тасымалдарын қоспағанда, заңды және жеке тұлғаларға келіктік-экспедиторлық қызметтер көрсету, оның ішінде ішкі және халықаралық жүк және жолаушылар тасымалдары	100	100
«Қорғас Күзет» ЖШС	Жеке және заңды тұлғалардың мүлкін құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау жөніндегі күзет қызметі	100	100



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ**
«Khorgos E-BORDER»
ЖШС

9

9

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бас компанияның және оның еншілес компанияларының қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін кірістердің өзгеру тәуекелдеріне ұшыраған немесе осындай кірістер алуға құқығы бар, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы осы кірістерге ықпал ету мүмкіндігі болған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ инвестициялар объектісін мынадай шарттар орындалған жағдайда ғана бақылайды:

- Топта инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуы (яғни инвестициялар объектісінің маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолданыстағы құқықтар);
- Топта инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін кірістердің немесе осындай кірістерді алуға құқықтардың өзгеру тәуекеліне ұшырауы;
- Топтың кіріс шамасына ықпал ету үшін өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігінің болуы.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көпшілігі бақылаудың болуына себепші болады деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топта инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары аз болған кезде Топ осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:

- инвестициялар объектісіндегі дауыс беру құқығын басқа ұстаушылармен келісім(дер);
- басқа да келісімдерде көзделген құқықтар;
- Топта бар дауыс беру құқықтары мен әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Топ инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайта талдайды, егер фактілер мен мән-жайлар бақылаудың үш құраушының біреуінің немесе бірнешеуінің өзгеруі туралы куәландырса, Еншілес компанияның шоғырлануы Топ еншілес компанияға бақылау алған кезде басталады және Топ еншілес компанияға бақылауды жоғалтқан кезде тоқтатылады. Сатып алынуы немесе шығарылуы жыл ішінде болған еншілес компанияның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Бақылау тобы алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі және Топ еншілес компанияны бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе залал және ƏЖТ әрбір құраушы Топтың бас компаниясының акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкеп соққан жағдайда да бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болған жағдайда еншілес компаниялардың қаржылық есептілігі осындай компаниялардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топішілік активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар және ақша ағындары шоғырландыру кезінде толық алып тасталады.

Бақылауды жоғалтпай еншілес ұйымға қатысу үлесінің өзгеруі меншікті капиталмен операция ретінде есепке алынады.

Егер Топ еншілес компанияға бақылауды жоғалтса, ол тиісті активтерді (оның ішінде гудвилді), қатысу үлестерін және меншікті капиталдың өзге де компоненттерін бақыламайтын міндеттемелерді тануды тоқтатады және пайда немесе залал құрамында пайда болған пайданы немесе залалды таниды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде көрсетілгендерді қоспағанда, бастапқы құн негізінде дайындалған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен ұсынылған және егер өзгеше көрсетілмесе, барлық ақша сомалары ең жақын мың теңгеге дейін дөңгелектенген.



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ**

2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес жасалған. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар жататын кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Есептеу қағидаты шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ Топтың шаруашылық қызметінің нәтижесі болып табылмайтын, бірақ төлеу уақытына қарамастан оларды жасау фактісі бойынша оның қаржылық жағдайына әсер ететін оқиғаларды танумен қамтамасыз етіледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық элементтері қоса беріліп отырған қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте және баптар түріндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте берілген. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін бір бапқа біріктіру олардың Топ қызметіндегі сипаттамасы ескеріле отырып жүргізілді. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке шоғырландырылған қаржылық есептілік элементтерін айқындауға және оларды тану шартына жауап беретін барлық операциялар мен оқиғалар енгізілген. Топ объектіге байланысты кез келген экономикалық пайда алынатынына немесе жоғалатынына, сондай-ақ объектінің сенімді өлшенуі мүмкін құны немесе бағасы болатынына едәуір дәрежеде сенімді. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі баптарды ұсыну және жіктеу бір кезеңнен келесі кезеңге сақталады.

Бағалаудың белгісіздігі

ХҚЕС-на сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау күніне активтер мен міндеттемелер сомасын көрсетуге, сондай-ақ есепті кезеңдегі кірістер мен шығыстар сомасын көрсетуге әсер ететін белгілі бір бағалаулар мен жорамалдарды талап етеді. Нақты нәтижелер осындай бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалар және олардың негізінде жатқан жорамалдар үнемі тексеріледі. Есептік бағалаулардағы өзгерістер, егер өзгеріс сол кезеңге ғана әсер ететін болса, бағалау қайта қаралатын кезеңде немесе егер өзгеріс ағымдағы және болашақ кезеңдерге де әсер ететін болса, өзгеріс кезеңінде және болашақ кезеңдерде танылады.

Көрсетілген бағалаулар мен жол берулерге қатысты белгісіздік болашақта активтің немесе міндеттемелердің баланстық құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкелуі мүмкін, оларға қатысты осындай бағалаулар мен жол берулер қабылданады.

Атап айтқанда, басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде жүргізілген елеулі белгісіздік бар елеулі бағалаулар туралы ақпарат мынадай ескертпелерде қамтылады:

- Табыс салығы - басшылық салық органдары тексеруі мүмкін салық міндеттемелерінің толықтығына бағалау жасады;
- Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер - кейінге қалдырылған салық бойынша активтер уақытша айырманың жақын болашақта қалпына келуі және салық салынатын пайда алынуы ықтималдығы бар дәрежеде танылады;
- Негізгі құралдар - бағалау активтердің пайдалы қызметінің мерзімдерін айқындау кезінде жасалған. Топ негізгі құралдар объектілерінің пайдалы қызметінің қалған мерзімін тұрақты бағалайды, егер күтулер алдыңғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер ХБЕС 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес есептік бағалаулардағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Осы бағалау негізгі құралдардың ағымдағы құнына және шығыстарда көрсетілген амортизацияға елеулі әсер етуі мүмкін;
- Тауар-материалдық қорлар - 2019 жылғы 31 желтоқсанға арналған өтімді емес тауар-материалдық қорлар бойынша резервтерге қатысты бағалау жасалған;
- Саудалық дебиторлық берешек - бағалау күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтерге қатысты жасалған;
- Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты - әділ құнды талдау болашақ ақша ағындарын және дисконттау мөлшерлемелерін бағалауға негізделген. Егер ақша ағындарын туындатушы активтің немесе бөлімшенің ағымдағы құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, ол



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ
2. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)**

мынадай шамалардың ең көбі болып табылады - сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн активтердің шығарылуына байланысты көшірілген қосымша шығындарды шегергенде ұқсас активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелері немесе бақыланатын нарықтық бағалар бойынша қолда бар ақпаратқа негізделген.

- Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының моделінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілетін ақша қаражатының ағынына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқынына неғұрлым сезімтал;
- Шартты міндеттемелер - осы ашу басшылықтан міндеттемелерді бағалауды және болашақта ақша қаражатының кету ықтималдығын айқындауды талап етеді.

3. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Пайымдау

Есеп саясатын қолдану процесінде Топ басшылығы құнсыздану индикаторларына қатысты мынадай пайымдауларды пайдаланды:

- Топ материалдық активтердің ішкі және сыртқы құнсыздану индикаторларын қадағалайды.
- Топ басшылығы активтерге қатысты құнсыздану индикаторларының болу ықтималдығын талдады. Талдау, атап айтқанда, жабдықтың таяу болашақта жұмыс істеу қабілетіне немесе оның нарықтық құнының ықтимал төмендеуіне байланысты жүргізілді.
- Сыртқы сарапшылардың (тәуелсіз бағалаушылардың) жұмыстары 2020 жылғы 31 желтоқсанда жүргізілмеген.

Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерді қолдану:

ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесі анықтау» түзетулері

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Бизнес» терминінің анықтамасын өзгерткен ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнес бірлестіктері» түзетулерін шығарды және ол ұйымдарға сатып алынған қызмет түрлері мен активтердің жиынтығы болып табылатынын анықтауға көмектесуі тиіс. Бұл түзетулер бизнеске қойылатын ең төменгі талаптарды нақтылайды, нарыққа қатысушылардың қандай да бір жетіспейтін элементті ауыстыруға қабілеттілігін бағалауды болдырмайды, ұйымдарға сатып алынған процестің маңызды болып табылатынын бағалауға көмектесу үшін басшылықты қосады, «бизнес» және «қайтарым» ұғымдарының анықтамаларын тарылтады, сондай-ақ әділ құн шоғырлануының болуына міндетті емес тест енгізеді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС (IAS) 8 «Маңыздылығын анықтау» түзетулері:

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі Кеңес әртүрлі стандарттардағы маңыздылықты анықтау және бұл анықтаманың жаңа аспектілерін түсіндіру үшін ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» және ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» стандарттарына түзетулер шығарды. Жаңа анықтамаға сәйкес «егер оны өткізу, бұрмалау немесе бүркемелеу нақты есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпарат беретін осы жеке қаржылық есептілік негізінде жалпы мақсаттағы қаржылық есептілікті негізгі пайдаланушылардың шешімдеріне әсер етеді деп негізді түрде күтуге болатын болса, ақпарат елеулі болып табылады». Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді.



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ**

3. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

«Базалық Пайыздық Мөлшерлемені реформалау»: ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері: ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы ықпал тікелей ететін барлық хеджирлеу қатынастарына қолданылатын бірқатар босатуларды қамтиды. Егер реформа хеджирлеу объектісі немесе хеджирлеу құралы үшін базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген мерзімдерге және/немесе ақша ағындарына қатысты белгісіздік тудырса, хеджирлеу қатынастары қозғалатын болады. Реформа нәтижесінде хеджирлеу объектісі немесе хеджирлеу құралы үшін қолданыстағы базалық пайыздық мөлшерлемені іс жүзінде тәуекелсіз пайыздық мөлшерлеменен ауыстыруға дейінгі кезең ішінде базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген мерзімдерге және/немесе ақша ағындарына қатысты белгісіздіктер туындауы мүмкін. Бұл болжанатын транзакцияның ықтималдығын бағалауға және хеджирлеу қатынастарының тиімділігі жоғары болатынын бағалауға қатысты белгісіздікке өкелуі мүмкін. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

2018 жылғы 29 наурызда шығарылған қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздері: Тұжырымдамалық негіздер стандарт болып табылмайды және ондағы ережелердің ешқайсысының қандай да бір стандарттан басым күші жоқ. Тұжырымдамалық негіздердің мақсаты - ХҚЕС жөніндегі Кеңеске ХҚЕС стандарттарын әзірлеуге жәрдемдесу; стандарттардың ешқайсысы белгілі бір операцияны немесе басқа оқиғаны реттемеген немесе стандарт есеп саясатын таңдауға жол берген жағдайларда есеп саясатының ережелерін әзірлеу кезінде қаржылық есептерді құраушыларға жәрдемдесуге; және стандарттарды түсінуге және түсіндіруге барлық тараптарға жәрдемдесу.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Шетел валютасы

Шетел валютасындағы операциялар осы операциялар жасалған күнгі айырбас бағамдары бойынша Топтың функционалдық валютасына аударылады. Есепті күнге шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер осы есепті күнге қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасындағы әділ құн бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмалар кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.

Туынды емес қаржы құралдары

Туынды емес қаржы құралдарына ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары, сауда және өзге де дебиторлық берешек, кредиттер мен қарыздар бойынша берешек, сондай-ақ сауда және өзге де кредиторлық берешек жатады.

Ақша қаражатына және олардың баламаларына кассадағы және банктегі есеп айырысу шоттарындағы ақша қаражаты жатады.

Дебиторлық берешек дебиторлық берешек құнының төмендеуіне резервті шегергенде, қосылған құн салығынсыз, негізгі қызмет бойынша ұсынылған шоттар сомасында көрсетіледі. Топтың шартта белгіленген мерзімде өзіне тиесілі соманы ала алмайтыны туралы куәлік болған кезде дебиторлық берешектің құнын төмендетуге арналған резерв танылады.

Негізгі құралдар

Тану және бағалау

Негізгі құралдардың объектілері амортизацияның жинақталған сомаларын және құнсыздану залалдарын шегергенде (егер олар есептелген болса) нақты құны бойынша көрсетіледі.

Нақты құнға тиісті активті сатып алумен тікелей байланысты барлық шығындар енгізіледі. Меншікті күштермен тұрғызылған активтердің нақты құнына материалдарға арналған шығындар, өңбекке ақы төлеуге арналған тікелей шығындар, активтерді мақсаты бойынша пайдалану үшін оларды жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты барлық басқа да шығындар, сондай-ақ активтерді бөлшектеуге және ауыстыруға және олар алатын учаскені қалпына келтіруге арналған шығындар енгізіледі. Тиісті жабдықтың функционалдық мақсатымен тығыз байланысты бағдарламалық



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ
4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

қамтамасыз етуді сатып алуға арналған шығындар осы жабдықтың құнында капиталдандырылады.

Егер негізгі құралдар объектісі ұтымды пайдаланудың өртүрлі мерзімі бар жекелеген компоненттерден тұратын болса, олардың әрқайсысы негізгі құралдардың жеке объектісі ретінде ескеріледі.

Негізгі құралдар объектісінің шығуынан пайда мен залал пайда мен залал туралы есепте «өзге де кірістер» бабында таза түрде танылады.

Кейінгі шығындар

Негізгі құралдар объектісінің бір бөлігін ауыстыруға байланысты шығындар, егер Топ көрсетілген бөлікке байланысты болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болып табылса және оның құнын сенімді айқындауға болатын болса, осы объектінің баланстық құнында танылады. Объектінің ауыстырылған бөлігінің баланстық құны танылмайды. Негізгі құралдар объектілерін ағымдағы жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығындар пайда болған кездегі кезең үшін пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизация

Негізгі құралдардың әрбір объектісі оны ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады және амортизациялық аударымдар кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамына енгізіледі. Жер учаскелері амортизацияланбайды.

Амортизация нормаларын және ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімдерін объектіні пайдалануға беру кезінде комиссия айқындайды. Бұл ретте объектінің жай-күйі туралы қолда бар барлық ақпарат міндетті түрде ескерілуі тиіс.

Амортизация әдістері, ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімдері және негізгі құралдардың қалдық құны есепті күнге қайта талданады.

Материалдық емес активтер

Тану және бағалау

Топ сатып алған ұтымды пайдаланудың түпкілікті мерзімі бар материалдық емес активтер амортизацияның жинақталған сомалары мен құнсызданудан болған залалдар шегеріле отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі.

Топ сатып алған және ұтымды пайдаланудың түпкілікті мерзімі бар материалдық емес активтер амортизацияның жинақталған сомалары мен құнсызданудан болған залалдар шегеріле отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі.

Кейінгі шығындар

Одан кейінгі шығындар нақты активтің құнында, егер олар осы активте жасалған болашақ экономикалық пайдаларды ұлғайтқан жағдайда ғана капиталдандырылады. Барлық өзге шығындар пайда болуына қарай кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизация

Материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар олар пайдалануға дайын болған кезден бастап есептеледі және ұтымды пайдаланудың тиісті мерзімдері ішінде желілік тәсілмен кезең үшін пайда немесе залал құрамында танылады. Ұтымды пайдаланудың күтілетін мерзімін объектіні пайдалануға беру кезінде комиссия айқындайды.

Қорлар

Қорлар екі шаманың ең азы бойынша көрсетіледі: нақты өзіндік құны және ықтимал сатудың таза құны. Қорлардың нақты өзіндік құны орташа алынған әдістің негізінде айқындалады және оған сатып алуға, өндіруге немесе конверсиялық шығындарға және қорларды осы орналасқан жеріне дейін жеткізуге және оларды тиісті жағдайға келтіруге байланысты өзге де шығындарға енгізіледі. Өз өндірісінің және аяқталмаған өндіріс объектісінің қорларына қатысты нақты өзіндік құнға Топтың өндірістік қуаттарын қалыпты жүктеу кезінде өндірістің стандартты көлеміне сүйене отырып есептелетін үстеме шығыстардың тиісті үлесі де қосылады.

Ықтимал сатудың таза құны Топтың өдеттегі шаруашылық қызметі барысында осы объект бойынша жұмыстарды орындауды аяқтауға және оны сатуға арналған еселтік шығындарды шегергендегі қорлар объектісін сатудың болжамды бағасын білдіреді.



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ
4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Құнсыздану

Қаржы активтері

Қаржы активі оның құнсыздануының объективті куәлігінің болуын анықтау үшін әрбір есепті күнге бағаланады. Егер бір немесе бірнеше оқиға осы активтен ақша қаражатының болашақ ағынының күтілетін шамасына теріс әсер еткендігінің объективті айғақтары болса, қаржы активі құнсызданды деп есептеледі.

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активіне қатысты құнсызданудан болатын залал сомасы активтің баланстық құны мен сыйақының бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Шамасы елеулі болып табылатын әрбір қаржы активі жеке-жеке құнсыздану мәніне тексеріледі. Қалған қаржы активтері кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар активтер тобының құрамында жиынтығында құнсыздану мәніне тексеріледі.

Құнсызданудан болған барлық залалдар кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады. Құнсызданудан болған залалға есептен шығарылған сома, егер құнсызданудан болған залалды төмендетуді құнсызданудан болған залал танылғаннан кейін болған қандай да бір оқиғаға объективті жатқызуға болатын жағдайда қалпына келтіріледі. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдардың қалпына келтірілетін сомалары кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады.

Қаржылық емес активтер

Топтың қорлар мен кейінге қалдырылған салық активтерінен өзгеше қаржылық емес активтерінің баланстық құны олардың ықтимал құнсыздану белгілерін анықтау үшін әрбір есепті күнге талданады. Мұндай белгілер болған кезде тиісті активтің өтелетін шамасы есептеледі.

Егер активтің немесе осы актив жататын ақша қаражатының ағынын туындатушы бірліктің баланстық құны оның өтелетін шамасынан жоғары болған жағдайда құнсызданудан болған залал танылады. Құнсызданудан болған залалдар кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады. Ақша қаражаты ағындарын туындатушы бірліктердің құнсыздануынан болған залалдар алдымен осы бірліктерге бөлінген гудвиллдің баланстық құнын азайтуға, содан кейін тиісті бірлік (бірліктер тобы) құрамындағы басқа активтердің баланстық құнын азайтуға барабар жатқызылады.

Кіріс

Тауарлар мен қызметтерді өткізу

Тауарлар мен қызметтерді өткізуден түскен кірістің шамасы тауардың көп мөлшерін сату кезінде сауда жеңілдіктері мен жеңілдіктерді шегере отырып, алынған немесе алынуға жататын өтемнің еділ құны бойынша бағаланады. Меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайдалар сатып алушыға берілген сәтте кіріс танылады және бұл ретте тиісті өтем алу ықтималдығы жоғары болып табылады. Шеккен шығындар мен тауарлардың өлеуетті қайтарылуын сенімді бағалауға болады және сатылған тауарларды басқаруға қатысу тоқтатылады және кіріс сомасы жоғары сенімділік дәрежесімен өлшенуі мүмкін.

Тәуекелдер мен пайданы беру сәті сату шартының нақты талаптарына байланысты өзгереді. Тауарды сату кезінде тәуекелдер мен пайданы беру әдетте өнім сатып алушының қоймасына түскен сәтте жүргізіледі.

Өзге де шығыстар

Жалдау төлемдері

Операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдер жалдаудың барлық қолданылу мерзімі ішінде кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында біркелкі танылады. Алынған жеңілдіктердің сомасы жалға берудің бүкіл қолданылу мерзімі ішінде жалға алу жөніндегі жалпы шығыстардың ажырамас бөлігі ретінде танылады.

Қаржылық кірістер мен шығыстар

Қаржы кірістерінің құрамына инвестицияланған қаражат бойынша сыйақы түріндегі кірістер енгізіледі. Сыйақы түріндегі кіріс ол пайда болған сәтте сыйақының тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептелген сомада кезең үшін пайда мен залалдар құрамында танылады.



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ
4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Қаржылық шығыстардың құрамына кредиттер мен қарыздар бойынша сыйақы төлеу бойынша шығыстар және қаржы активтерінің құнсыздануынан болған танылған залалдар енгізіледі. Қарыз қаражатын тартуға байланысты барлық шығындар сыйақының тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Табыс салығы бойынша шығысқа ағымдағы кезеңнің табыс салығы және төленген салық кіреді. Табыс салығы бойынша шығыс оның капитал құрамында тікелей танылатын операцияларға жататын бөлігін қоспағанда, кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі, мұндай жағдайда ол капитал құрамында да танылады.

Ағымдағы табыс салығы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемерінің негізінде есептелген, салық салынатын пайдаға қатысты бір жыл үшін төленуге жататын салық сомасын, сондай-ақ өткен жылдар үшін табыс салығын төлеу бойынша міндеттемелердің шамасын барлық түзетулерді білдіреді.

5. COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІ

COVID-19 пандемиясының тез таралуына байланысты 2020 жылдың басында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Үкіметтері шекараларды жабуды, сапарларға, карантинге шектеулер енгізуді, кәсіпорындар мен түрлі мекемелерді жабуды, тіпті жекелеген өңірлерді жабуды қоса алғанда, өршуге қарсы күрестің әртүрлі шараларын қабылдады.

Шектеу шаралары, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы шекараның жабылуы Топтың шекара маңы ынтымақтастығын ұйымдастыру жөніндегі негізгі қызметіне айтарлықтай әсер етті және Топтың есепті кезеңдегі экономикалық көрсеткіштеріне теріс әсер етті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Үкіметтері қабылдаған пандемияны тежеу, вакциналау қарқынын жеделдету жөніндегі шаралар шекарадағы жағдайды қалыпқа келтіруге және шекара маңындағы ынтымақтастық жөніндегі қызметті қайта бастауға үміт артуға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ (ББ-нің 010-жолы; АҚҰЕ-нің 150, 160-жолдары)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы ақша қаражаты мен олардың баламалары былайша берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Кассадағы ақша қаражаты	929	1 299
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты	26 665	217 279
Жинақ банк шоттарындағы ақша қаражаты	57 000	349 999
Минус: ақша қаражатының құнсыздануына арналған ККЗ бойынша резерв	(130)	-
Жиыны	84 464	568 577

Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты мынадай банктерде орналастырылған:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	25 926	207 327
«Forte Bank» АҚ	611	8 657
«Jysan Bank» АҚ	128	1 195
«Еуразиялық банк» АҚ	-	100
Жиыны	26 665	217 279

Жинақ банк шоттарындағы ақша қаражаты мынадай банктерде орналастырылған:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	57 000	50 000
«Forte Bank» АҚ	-	100 000
«Еуразиялық банк» АҚ	-	199 999
Жиыны	57 000	349 999

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (016-жол)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы қысқа мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің саудалық дебиторлық берешегі	40 054	49 130
Минус: күмәнді саудалық берешек бойынша резерв	-	-
Жиыны	40 054	49 130

ЖАЛДАУ БОЙЫНША ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (17-жол)


2020 жылғы 31 желтоқсанға және 2019 жылғы 31 желтоқсанға жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек былайша берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Үшінші тұлғаларды жалдау бойынша дебиторлық берешек	9 191	39 489
Минус: жалдау бойынша күмәнді берешек бойынша резерв	-	-
Жиыны	9 191	39 489

ҚОРЛАР (20-жол)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қорлар мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Шикізат және материалдар	71 336	79 386
Минус: сатудың таза құнына дейінгі резерв	-	-
Жиыны	71 336	79 386



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ
ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (022-жол)**

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы өзге де қысқа мерзімді активтер мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Берілген қысқа мерзімді аванстар	3 486	17 408
Болашақ кезеңдердің қысқа мерзімді шығыстары	2 368	6 019
Жұмыскерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	2 110	-
Қосылған құн салығы (есепке кейінге қалдырылған қабылдау)	5 976	4 948
Өлеуметтік салық	340	383
Мүлік салығы	197	3 598
Жеке табыс салығы	44	121
Басқа да салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер	184	79
Міндетті өлеуметтік аударымдар	448	11
Міндетті зейнетақы жарналары	111	111
Өзге де қысқа мерзімді активтер	378	-
Минус: өзге де активтер бойынша резерв	-	-
Жиыны	15 642	32 678

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПKE АЛЫНАТЫН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (112-жол)

2020 жылғы 31 желтоқсанға және 2019 жылғы 31 желтоқсанға «DSFK (ДСФК) арнайы қаржы компаниясы» ЖШС облигацияларын білдіретін пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша ескерілетін ұзақ мерзімді қаржы активтері былайша берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
«DSFK (ДСФК) арнайы қаржы компаниясы» ЖШС	264 489	277 376
Минус: пайда арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша резерв	-	-
Жиыны	264 489	277 376

БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПKE АЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (114-жол)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құны бойынша ескерілетін инвестициялар мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
«Khorgos E-BORDER» ЖШС	23	23
Жиыны	23	23

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (117-жол)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді саудалық және өзге де дебиторлық берешек мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	34 083	35 540
Талаптар бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	2 050 406	1 995 969
Минус: күмәнді ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша резерв	(2 007 228)	(1 379 199)
Жиыны	77 261	652 310



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ
ЖАЛДАУ БОЙЫНША ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (118-жол)**

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Үшінші тұлғаларды жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	127 739	118 528
Минус: жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша резерв	(44 432)	(39 003)
	83 307	79 525

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮЛІК (120-жол)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы ауданы 210,89 гектар жер учаскелерін 48 жыл мерзімге жалға алу құқығын сатып алған инвестициялық мүлік мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Есепті кезеңнің басындағы бастапқы құн	27 275	27 275
Түсім	-	-
Істен шығу	-	-
Есепті кезеңнің соңындағы бастапқы құн	27 275	27 275
Есепті кезеңнің басындағы амортизация	5 499	4 879
Бір жылға есептелген	620	620
Есепті кезеңнің соңындағы амортизация	6 119	5 499
Есепті кезеңнің соңындағы баланстық құн	21 156	21 776



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ
НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (121-жол)**

2019 жылғы 01 қаңтардан 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде негізгі құралдардың қозғалысы мынадай болды:

<i>мың теңгемен</i>	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Көлік құралдары	Өзге де НҚ	Жиыны
Бастапқы құны						
2019 жылғы 1 қаңтарға	1 696	19 712 661	7 356 015	210 605	234 101	27 515 078
Түсім	-	-	4 462	31 543	14 233	50 238
Қайта бағалау		1 071				1 071
Істен шығу	-	(210 356)	(1 018 133)	(16 747)	(437)	(1 245 673)
Топтар бойынша аударымдар	-	(6 673)	8 111	(1 438)	-	-
2019 жылғы 31 желтоқсанға	1 696	19 496 703	6 350 455	223 963	247 897	26 320 714
Түсім	1 544	331 893	-		22 074	355 511
Капиталға жарна	27 841	520 539	-		-	548 380
Жаңғырту және күрделі жөндеу					3 616	3 616
Қайта бағалау	37 620	19 980	-		-	57 600
Істен шығу	(1 544)	(445 343)	(4 581)		(115)	(451 583)
Істен шығу бойынша және қайта бағалау бойынша тозу		(41 981)	(53 696)		(4 464)	(100 141)
Құнсыздану	-	(52 856)	-	-	-	(52 856)
Топтар бойынша аударымдар	(39 308)	2 134 056	(2 094 748)	-	-	-
2020 жылғы 31 желтоқсанға	27 849	21 962 991	4 197 430	223 963	269 008	26 681 241
Жинақталған тозу						
2019 жылғы 1 қаңтарға	-	4 945 138	3 359 156	139 172	114 268	8 557 734
Тозу бойынша шығыстар	-	690 356	1 307 423	13 154	32 946	2 043 879
Істен шығу	-	(63 018)	(719 261)	(16 747)	(437)	(799 463)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	-	5 572 476	3 947 318	135 579	146 777	9 802 150
Тозу бойынша шығыстар	-	924 899	939 493	15 602	40 448	1 920 442
Істен шығу бойынша және қайта бағалау бойынша тозу	-	(105 483)	(53 696)		(4 544)	(163 723)
Топтар бойынша аударымдар		791 006	(791 006)			-
2020 жылғы 31 желтоқсанға	-	7 182 898	4 042 109	151 181	182 681	11 558 869
Баланстық құны						
2019 жылғы 31 желтоқсанға	1 696	13 924 227	2 403 137	88 384	101 120	16 518 564
2020 жылғы 31 желтоқсанға	27 849	14 780 093	155 321	72 782	86 327	15 122 372



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ
МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (125-жол)**

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өртүрлі бағдарламалық қамтамасыз ету мен автоматтандырылған жұмыс орындарын білдіретін материалдық емес активтер мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Бастапқы құн	170 656	170 608
Сатып алу	-	139
Жинақталған тозу	(166 636)	(152 212)
Баланстық құн	4 020	18 535

ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР (127-жол)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге ұзақ мерзімді активтер мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Корпоративтік табыс салығы	298 702	298 552
ҚҚС (өтелуі тиіс)	3 855 496	3 850 349
Берілген ұзақ мерзімді аванстар	72 788	112 919
Аяқталмаған құрылыс	7 004 660	7 055 143
Жабдықты монтаждау	264 211	301 463
Минус: аяқталмаған құрылыстың құнсыздануынан болған залал	(1 745 129)	(1 776 350)
Жиыны	9 750 728	9 842 076

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (214-жол)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді саудалық және өзге де кредиторлық берешек мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Өнім берушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді берешек	195 806	80 897
Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	856	96
Жиыны	196 662	80 993

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ (215-жол)

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелер	-	245 478
Демалыс бойынша резерв	23 984	22 614
Жиыны	23 984	268 092

Конкурсқа қатысқаны және өнім берушілер мен мердігерлер шарттарының орындалуын қамтамасыз еткені үшін кепілдік жарналар 2020 жылы басқа міндеттемелерге қайта жіктелді.

2019 жылғы 01 қаңтардан 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтің қозғалысы мыналар:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Кезең басындағы сальдо	22 614	23 834
Есептелген	40 897	50 097
Пайдаланылған	(39 527)	(51 317)
Кезең соңындағы сальдо	23 984	22 614



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ
ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР (217-жол)**

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыскерлерге сыйақылар мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Еңбекке ақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек	441	404
Жиыны	441	404

ӨЗГЕ ДЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (222-жол)

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзге қысқа мерзімді міндеттемелер мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Алынған қысқа мерзімді аванстар	57 418	15 462
Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелер	169 028	-
Жеке табыс салығы	2 714	1 759
Қосылған құн салығы	4 315	18 382
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	190	565
Әлеуметтік салық	1 771	1 161
Зейнетақы және әлеуметтік аударымдар бойынша міндеттемелер	3 314	2 464
Өзге міндеттемелер	165	95
Жиыны	238 915	39 888

КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ (316-жол)

31.12.2020 ж. кейінге қалдырылған салық мынадай деректермен ұсынылған:

<i>(мың теңгемен)</i>	2020ж.	2019ж.
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер		
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	(3 643)	(1 606)
Күмәнді талаптар бойынша резерв	(409 737)	-
Салықтар	(359)	(8)
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер		
Негізгі құралдар және МЕА	689 729	14 502
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесінің жиыны	275 990	12 888

ЖАРҒЫЛЫҚ АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ (410-жол)

2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал мынадай түрде ұсынылған:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Жарияланған капитал	46 396 874	46 396 874
Төленген капитал	45 848 494	45 848 494
Төленбеген капитал	-	(548 380)
Жарғылық капиталға жарна	548 380	-
Төленген акционерлік капитал жиыны	46 396 874	45 848 494

Акционерлік капиталдың мөлшері 2020 жылғы 31 желтоқсанда 46 396 874 мың теңгені құрайды. Есепті жылы «ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ жалғыз акционері 548 380 мың теңге сомасында Топтың жарияланған, бірақ төленбеген акцияларын төлеу есебінен жарғылық капиталға мүлікпен жарна төледі. Барлық акциялардың әрқайсысының номиналды құны 1000 теңге.



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ
Акцияның баланстық құны**

31 желтоқсандағы жағдай бойынша акцияның баланстық құны мынадай түрде берілген:

<i>мың теңгемен (егер өзгеше көрсетілмесе)</i>	2020ж.	2019ж.
Активтер	25 544 052	28 179 454
Міндеттемелер	(736 242)	(402 493)
Таза активтер	24 807 810	27 776 961
Жай акциялар саны, дана	46 396 874	45 848 494
Акцияның баланстық құны, теңге	535	606

Акцияға келетін залал

Акцияға келетін залал жай акцияларды ұстаушыларға жататын жыл ішіндегі таза залалды жыл ішінде айналыстағы жай акциялардың орташа өлшемді санына бөлу жолымен айқындалады.

Топта таратушы акциялар жоқ. Акцияға залалды есептеу мынадай түрде жүргізілді:

<i>мың теңгемен (егер өзгеше көрсетілмесе)</i>	2019 жыл	2019 жыл
Жыл ішіндегі таза залал, мың теңге	(3 517 531)	(2 135 170)
Қарапайым акциялардың орташа өлшенген саны, дана	46 315 744	45 848 494
Акцияға базалық және таратылған залал, теңге	(75.95)	(46.57)

БӨЛІНБЕГЕН ПАЙДА (ЖАБЫЛМАҒАН ЗАЛАЛ) (414-жол)

2019 жылғы 01 қаңтардан 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде жабылмаған залалдың қозғалысы мынадай болды:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Есепті кезеңнің басындағы жабылмаған залал	(18 071 533)	(15 936 363)
Жалпы жиынтық залал	(3 517 531)	(2 135 170)
Есепті кезеңнің соңындағы жабылмаған залал	(21 589 064)	(18 071 533)

ТҮСІМ (ПЗЕ-нің 010 жолы)

2020 жылы және 2019 жылы кірістер мынадай деректермен ұсынылған:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Электр энергиясын сатудан түскен кіріс	137 252	240 167
Аумаққа барудан түскен кіріс	81 783	1 619 900
Жалға беруден түскен кіріс	27 024	1 329 245
Автокөлікпен аумаққа бару үшін кіріс	12 286	126 587
Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен кіріс	12 573	381
Өзге де кірістер	23 664	219 875
Жиыны	294 582	3 536 155



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕ
ӨТКІЗІЛГЕН ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ (011-жол)**

2020 жылы және 2019 жылы өзіндік құн мынадай деректермен ұсынылған:

<i>Мың теңгемен</i>	2020 жыл	2019 жыл
Амортизация	1 931 370	2 051 536
Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар	211 243	367 665
Зертханалық/зертханалық- аспаптық зерттеулер/талдаулар жүргізу жөніндегі қызметтер	12 958	607
Материалдар	45 263	68 684
Тасымалдау жөніндегі қызметтер	47 154	405 076
Салықтар және өзге де міндетті төлемдер	25 497	156 367
Дизель отыны	37 349	51 464
Электр энергиясы	97 990	180 961
НҚ жалға алу шығыстары	-	1 120 398
Күзет қызметтері	44 450	47 076
Жөндеу жұмыстары	139 373	20 584
Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 900	20 375
Байланыс	2 913	2 926
Билеттерді сату жөніндегі қызметтер	-	111 203
Жерге орналастыру жұмыстары	-	2 467
Сақтандыру	5 127	2 558
Өзге де шығыстар	13 841	24 899
Жиыны	2 618 428	4 634 846

ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР (014-жол)

2020 және 2019 жылдары жалпы және әкімшілік шығыстар мынадай деректермен ұсынылған:

<i>Мың теңгемен</i>	2020 жыл	2019 жыл
Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар	334 216	437 550
Қызмет көрсету және жөндеу	19 667	3 519
Салықтар және өзге де міндетті төлемдер	20 069	41 279
Заң жобасын әзірлеу және келісу жөніндегі сарапшылардың қызметтері	10 754	18 225
PR-стратегияны әзірлеу және жүзеге асыру жөніндегі қызметтер	11 415	-
Іссапар шығыстары	7 745	10 793
НҚ жалға алу шығыстары	-	32 755
Күзет жөніндегі қызметтер	5 927	6 277
Аудиторлық және консультациялық қызметтер	4 840	6 019
Берілген аванстарды есептен шығару	-	18 000
Шикізат және материалдар	3 004	4 222
Өкілдік шығыстар	2 118	1 670
НҚ және МЕА амортизациясы	4 138	7 093
Туристерді тасымалдауды ұйымдастыру және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметтер	-	40 090
Қорғас ШЫХО туралы деректі фильм және имидждік роликтер шығару жөніндегі қызметтер	-	21 429
Көлік қызметтері	-	4 467
Экспозиция және Халықаралық қытай көрмесіне қатысуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер	-	3 300
Айыппұлдар мен тұрақсыздық айыбы	250	2 182
Банк қызметтері	873	1 633
Өзгелер	15 502	33 797
Жиыны	440 518	694 300



«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы

**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ
ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР (021-жол)**

2020 және 2019 жылдары қаржылық кірістер мынадай деректермен ұсынылған:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Депозиттер бойынша сыйақылар бойынша кірістер	8 086	121
Жиыны	8 086	121

ӨЗГЕ ДЕ КІРІСТЕР (024-жол)

2020 және 2019 жылдары өзге де кірістер мынадай деректермен берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Активтердің шығуынан түскен кірістер	197 996	124 131
Өтеусіз алынған активтерден түскен кірістер	-	2 376
Активтердің құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіруден түскен кіріс	3 617	40
Бағамдық айырмадан түскен кірістер	56 655	-
Өзге де кірістер	26 549	8 348
Жиыны	284 817	134 895

ӨЗГЕ ДЕ ШЫҒЫСТАР (025-жол)

2020 және 2019 жылдары өзге де шығыстар мынадай деректермен берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Активтердің шығуы бойынша шығыстар	211 291	447 489
Бағамдық айырма бойынша шығыстар	-	4 303
Активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар	608 069	25 814
Өзге де шығыстар	21 208	-
Жиыны	840 568	477 606

ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (КІРІСТЕР) (101-жол)

2020 және 2019 жылдары табыс салығы бойынша шығыстар мынадай деректермен берілген:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
Ағымдағы табыс салығы	-	-
Кейінге қалдырылған салық	(263 102)	411
Жиыны	(263 102)	411

Кейінге қалдырылған салық міндеттемесінің қозғалысы:

<i>мың теңгемен</i>	2020ж.	2019ж.
1 қаңтарға	12 888	13 299
Шығыстарға/кірістерге жатқызылды	263 102	(411)
Қосымша төленген капиталға жатқызылды	-	-
31 желтоқсанға	275 990	12 888

6. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР МЕН САЯСАТ

Топтың негізгі қаржы құралдары ақшаны және ақшалай баламаларды қамтиды. Осы ескертпедегі ақпаратты ашу ХҚЕС 32 «Қаржылық активтер мен міндеттемелерде» айқындалғандай қаржылық активтер мен міндеттемелерге жатады.

а) *Қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны*

Қаржы құралдарының әділ құны тарату кезінде амалсыз өткізу немесе өткізу жағдайын қоспағанда, құрал коммерциялық жағдайларда жақсы хабардар тараптар арасында айырбасталуы мүмкін сома ретінде айқындалады. Әділ құнды бағалау кезінде ағымдағы экономикалық жағдайлар мен құралға тән нақты тәуекелдер негізінде жол берулер пайдаланылады.



2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ

Қаржы құралдарының әділ құны бағалау шамасы болып табылады және бағалау күніне осы құралдарды іске асыру кезінде алынуы мүмкін ақша қаражатының сомасына сәйкес келмеуі мүмкін.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде басшылық ақшаны, дебиторлық және кредиторлық берешекті қамтитын қаржы құралдарының әділ құны олардың баланстық құнына жақындайтынын анықтады. Күмәнді дебиторлық берешек бойынша күмәнді дебиторлық берешектің пайда болуына қарай тиісті резервтер құрылды.

Ұзақ мерзімді қаржы құралдарының әділ құны Топ үшін қарыз капиталы құнының мөлшерлемелерін пайдалана отырып дисконтталған немесе пайыздық мөлшерлеме құралына енгізілген ақша қаражатының болашақ есептік қозғалысының ағымдағы құнын білдіреді (бұл неғұрлым қолайлы және қолданылады). Қаржы құралдарының әділ құнын айқындау кезінде басшылық қолда бар барлық нарықтық ақпаратты пайдаланады.

6. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР МЕН САЯСАТ (жалғасы)

б) Елдік тәуекел

Топтың қызметі Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі. Ел экономикасы дамушы нарықтарға тән ерекшеліктер көрсетуді жалғастыруда, оның ішінде өзгелермен қатар елден тыс еркін айырбасталатын ұлттық валютаның болмауы да бар. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңдар мен нормативтік актілер жиі өзгереді, осыған байланысты Топтың активтері мен операциялары саяси және іскерлік ортадағы теріс өзгерістерге байланысты тәуекелге ұшырауы мүмкін. ҚР экономикалық тұрақтылығының перспективалары айтарлықтай дәрежеде үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылау және саяси жүйенің дамуына, яғни Топтың бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты.

Басшылық экономикалық қиындықтардың дәрежесін де, ұзақтығын да болжай алмайды немесе олардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсерін бағалай алмайды. Басшылық Топ бизнестің тұрақсыздығын болдырмау үшін қолданылатын барлық заңдар мен ережелерді сақтайды деп санайды, Топ қолданыстағы жағдайларда және елдік тәуекелді хеджирлеу үшін ешқандай арнайы шаралар қолданбайды.

в) Туынды құралдар, қаржы құралдары және тәуекелдерді басқару

Топ өзінің шетелдік валюталар бағамдарының және басқа да тәуекелдердің ауытқуына ұшырауын реттеу мақсатында туынды және қаржы құралдарын пайдаланбайды.

г) Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел - бұл әділ құн немесе қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағындары шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне байланысты ауытқитын тәуекел. Топ валюталық жағдайға ұшырайды. Мұндай ұшырау Топтың функционалдық валютасынан өзгеше валютада мәмілелер жасасуға байланысты туындайды.

Топтың функционалдық валютасы теңге болып табылады. Валюталық тәуекелдің туындауына алып келетін валюта АҚШ доллары, Ресей рублі, еуро, Біріккен Корольдіктің фунт стерлингі, қырғыз сом болып табылады.

Егер өзгеше көрсетілмесе, келесі кестеде банктердің «Standard & Poor 's», «Moody'sInvestorsService» және «Fitch Ratings» кредиттік рейтингтері көрсетілген.

<i>мың теңгемен</i>	Moody's Investors Service	S&P Global Ratings	Fitch Ratings
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	<u>Ba1/Позитивті</u> 27.08.2019	<u>BB/Тұрақты</u> 22.05.2020	<u>BB+/Позитивті</u> 03.12.2019
«Forté Bank» АҚ	<u>B1/Тұрақты</u> 15.08.2019	<u>B+/Тұрақты</u> 06.06.2019	<u>B/Позитивті</u> 03.12.2019
Jysan Bank АҚ	-	<u>B-/Позитивті</u> 12.08.2019	-
«Еуразиялық банк» АҚ	<u>B2/Тұрақты</u> 13.09.2019	<u>B-/Тұрақты</u> 25.02.2019	-



2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ

д) *Өтімділік тәуекелі*

Өтімділік тәуекелі міндеттемелерді мерзімінде өтеумен қиындықтардың туындау тәуекелін білдіреді. Топ өтімділік тәуекелін басқаруды жүзеге асырады. Қосымша қаржыландыру қажет болған кезде жарғылық капиталға жарна ретінде қосымша қаражат бөлінеді. Өтімділіктің ағымдағы деңгейі қанағаттанарлық.

Өтімділік тәуекелі - бұл депозиттерді қайтару және оларды төлеудің нақты мерзімі басталған кезде қаржы құралдарымен байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алу кезінде қиындықтардың туындау тәуекелі.

6. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР МЕН САЯСАТ (жалғасы)

Төменде өтеу мерзімдері бөлінісінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат берілген:

	2020 жылғы 31 желтоқсан					Барлығы
	Талап бойынша	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	
<i>(мың теңгемен)</i>						
Қаржылық міндеттемелер						
Саудалық кредиторлық берешегі	-	(129 701)	(54 772)	(12 189)	-	(196 662)
Жиыны	-	(129 701)	(54 772)	(12 189)	-	(196 662)

31.12.2019 ж.

	2019 жылғы 31 желтоқсан					Барлығы
	Талап бойынша	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	
<i>(мың теңгемен)</i>						
Қаржылық міндеттемелер						
Саудалық кредиторлық берешегі	-	(59 172)	(8 762)	(13 059)	-	(80 993)
Жиыны	-	(59 172)	(8 762)	(13 059)	-	(80 993)



**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕ
7. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

а) Салық салу бойынша шартты міндеттемелер

(i) Салық заңнамасын түсіндіру кезінде орын алатын белгісіздіктер

Топ әрбір есепті кезең үшін салық міндеттемелерін айқындауға қатысты белгісіздіктердің ықпалына ұшырайды. Қолданыстағы салық жүйесі мен салық заңнамасы салыстырмалы түрде қысқа уақыт кезеңі ішінде қолданыста болғандықтан, бұл белгісіздіктер әдетте неғұрлым дамыған салық жүйелері бар елдерге тән елдерге қарағанда едәуір. Қолданылатын салықтар 2009 жылға дейін қосылған құн салығын, корпоративтік табыс салығын, әлеуметтік салықты, мүлік салығын қамтиды. Қолданылатын салықтарға қатысты заңдар әрдайым нақты жазыла бермейді және үнемі дамып келе жатқан, әртүрлі және өзгеріп отыратын түсіндірмесі бар және сәйкесінше қолданылмайды.

Салық заңнамасын қолдану мен дамытудағы белгісіздік Топқа қосымша есептелген салықтарды төлеуге тура келетініне қауіп төндіреді, бұл Топтың қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижелеріне елеулі теріс әсер етуі мүмкін.

(ii) Қосымша салықтарды есептеуге арналған кезең

Салық органдарының барлық салықтарға қатысты тиісті салық кезеңі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде салықтарды қосымша есептеуге құқығы бар.

(iii) Ықтимал қосымша салық міндеттемелері

Басшылық Топ, тұтастай алғанда, салық заңнамасының талаптарын және оның қызметіне әсер ететін салықтарға қатысты жасалған шарттар бойынша талаптарды орындайды және демек, ешқандай қосымша салық міндеттемелері туындамайды деп санайды. Алайда жоғарыда көрсетілген себептер бойынша тиісті мемлекеттік органдардың салық заңнамасының шарттық ережелері мен талаптарын басқаша түсіндіруі мүмкін деген тәуекел сақталады. Бұл елеулі қосымша салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін. Дегенмен, жоғарыда сипатталған кез келген әлеуетті қосымша салық міндеттемелерін бағалаудағы белгісіздіктердің салдарынан басшылық үшін Топ жауапты болуы мүмкін кез келген айыппұлдармен және өсімпұлдармен бірге туындауы мүмкін кез келген қосымша салық міндеттемелерін бағалау мүмкін емес болып табылады.

б) Заңдық мәселелер

Топ Талап қоюшы ретінде 2020 жылды қоса алғанда, ағымдағы күнге сот талқылаулары процесіне тартылды. Басшылық барлық сот мәселелерін шешу Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етпейді деп санайды.

8. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

а) Байланысты тараптармен жасалатын мынадай операциялар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген:

Байланысты тарап	Дебиторлық берешек	Кредиторлық берешек	Кірістер	Шығыстар
«Панфилов ауданының қаржы бөлімі» ММ	-	-	176 237	-

б) Негізгі басқарушы персоналға (7 жұмыскер) төленген сыйақылар өкімшілік шығыстар құрамында жалақы бойынша шығыстарға енгізілді және 50 936 мың теңгені құрады (2019: 67 394 мың теңге).

9. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін түзетуші болып табылатын оқиғалар есепті күннен кейін және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін болған жоқ.

